



**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «БӘЙШЕШЕК» ОРТАҒЫ ТОБЫНЫҢ
ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
/ҚАҒТАР АЙЫ/**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Гүлдер» балабақшасы
Топ: «Бәйшешек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: **01.01 - 05.01.2024ж.**
Педагогтың аты-жөні: Жайлы Г., Сапарова Г.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)			"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шанды сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.
			Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (қазақ тілі, математика негіздері)	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау). Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру), Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). (сөйлеуді дамыту)

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Сөздік ойын. «Сиқырлы қалта» Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Қысқы демалыс.	Қимылды ойын. «Аңшы мен қояндар» Мақсат-міндеттер: Қос аяқпен секіруге және оң қолмен сол қолды кезектеп допты лақтыра білуге үйрету. Кеңестікті бағдарлай білу дығдысын қалыптастырады. (дене шынықтыру) Қысқы демалыс.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері) Қысқы демалыс.

			(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен			Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел. Қыс қандай болса, жаз да осындай. Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының	Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе - күн жылынады Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру) Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. Өз бетімен ойындар. Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.

			калыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек. Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. (еңбек дағдылары) Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.	
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы			Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Атасының тақиясы» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес			Вариативті	Музыкадан ойын-жаттығу	"Аққаланы құрастыр" үстел

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)			компонент/Шығармашылық "Аңдарға қысқы үйшік". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде білімдерін кеңейту; аңдарға арналған қысқы үйшік бөлшектері туралы түсінік беру; ормандағы аңдардың тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру. "Қоян түріп құлағын" саусақ жаттығуы. "Көрнекі үйшік" құрылыс ойыны. Текшелерден көрнекі ғимарат құрастыру. (құрастыру)	"Аққала" Балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. "Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.	ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймандап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу) (сөйлеуді дамыту)
---	--	--	---	---	---

				Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	
Балалармен жеке жұмыс			Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Қар" (Тілеген Шопаев) Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап. (көркем әдебиет)	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс қысығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)				

үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)			Психолог кеңесі. "Баланың тілін қалай дамытамыз?"	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"

08.01 - 12.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалар белгіленген рет бойынша бірізді киіну, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтенкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыпты бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру т.б., іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою).
	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: "Қыс қызығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету.	"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен	"Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолданудағы қателерді көре	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті,

	дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. (сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. (танымдық дағдылар) Саусақ жаттығуы. Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағды)	Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.				

	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын. (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын. (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ақшақарлар билейді". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету.	Дене шынықтыру "Әдемі билейміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде епті болуға тәрбиелеу; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.	Музыка "Ақшақарлар билейді". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қардың	Дене шынықтыру "Кірпі қалай жүреді?" Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту.	Қазақ тілі "Орман тұрғындарының бастан кешкендері" Мақсат-міндеттер. Қазақ тілін түсінуді, аңдардың дұрыс атау және қысқы тіршілігін білуді, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестерін дұрыс құрауды, дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабылдауын, қазақ тілін түсінуді, қыстап қалатын құстарды ажырату және атауды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды,

			пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту.		сөздерді сөз тіркестеріне дұрыс құрауды, көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін дамыту. Есту, сақтау және көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Аңдарға және қыстап қалатын құстарға жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы. - Қолғаптарға не түсті? - Иә, ақша қарлар түсіп жатыр. - Ақша қарлар оюлы Күн көзіне жылтырайды. Ақша бұлттың гүлдері Баяу ұшып, асықпайды. - Ақша қарлар неге ұқсайды? - Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке	Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тонды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол	Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады. - Балалар, мынау не? - Жарайсыңдар, бұл шырша. - Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты. "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі.	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала.	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп,

	тәрбиелеу. "Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз. Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! Жаттығу бірнеше рет қайталанады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет	Ә. Табылдиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды шыршаның айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді. Шыршаға қараңдар, Таңқалып қалмаңдар. Бұтақтағы ойыншықпыз, Шеңбердегі аюмыз. Енді, біз түлкіміз, Түлкі болып жүрміз. Қоянмен біргеміз, Бірге секіреміз. Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды. Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу,	Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар.	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру) Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға, солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға, солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	---	---	---	--	--

		өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бай керуен» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Атасының тақиясы» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттерін атау арқылы балалардың есте сақтауы мен	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қолғап". Мақсат-міндеттер.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларға аққала туралы түсініктерін	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Аққалалармен ойнайық". Мақсат-міндеттер.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ақшақарлар жауып тұр. Дауыссыз [ш] және [ж] дыбыстары". Мақсат-міндеттер. Балаларды [ш]

кітаптарды қарау және басқалар)	қабылдауын, зейіні мен тілін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту. Сурет салудан ойын-жаттығу "Терезеде ақшақарлары". Мақсат-міндеттер. Балаларды мақта таяқшалары арқылы шаршы пішініне, "терезе" кескініне ақша қарларды салуға үйрету; терезе сұлбасын бояумен жүргізіп, төрт шақпақ орталарына дөңгелектерді салып, бойларын түрлі нүктелер және сызықтармен толтыруға машықтау.	Балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету. "Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу, қуыршаққа қажетті киімді табу. Барысы: балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Педагог кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгілдеріне сәйкес киім кигізу керек.	тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру. "Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады). Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әр түрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету.	Балалардың екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен жуандығы бойынша тұастастырып, беттестіріп, іс-тәжірибеде сәйкестігін тауып, салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; көзбен мөлшерлеу, қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту. "Дәріхана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту; фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир-сатушы оларды сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасау үшін қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, балалардың сөздік қорын кеңейтеді.	және [ж] дыбыстарының жеке, буын және сөз құрамында айтылу тәртібімен, сөздің жекеше және көпше түрлерімен таныстыру; қардың қасиеттері жөнінде білімдерді жетілдіру. Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық". Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту)	"Ақ қоян" ойыны. Ойын мақсат-міндеттер: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу. Ойын құралдары: қоянның маскасы. Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада "қоян" болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп, тақпақ айтады: Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұршы,	"Қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Қар" (Тілеген Шопаев) Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап. (көркем әдебиет, сөйлеуді	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: "Қыс қызығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)

			Бетінді жушы, Шашынды тарашы, Әй-әй көйлек киші, Біреудің қолын үзші, - дегенде, қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен, жүгіріп барып, шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердегі, оң жақтағы бала "қоян" болады. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)	дамыту)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне іс-әрекетіне керекті құралдарды, түрлі түсті қарындашты және педагогтің дайындаған материалдарын тарату; іс-әрекетінен соң оларды жинап алу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Серуеннен кейін етікті кір мен қардан қалай тазарту керектігін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне төсек жабдықтарын орналастыруға көмектесуге кезекшілер тағайындау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сүлгілерді жинастыруға көмектесуге ынталандыру.
	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен). 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Маубас аю". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету.	Дене шынықтыру "Аю ұйықтағанды жақсы көреді". Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеуге	Музыка "Аю мен түлкі". Мақсат-міндеттер. Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әнді айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдары	Дене шынықтыру "Жануарлар қалай қыстайды?" Мақсат-міндеттер. Балаларда допты алысқа лақтыруда бастапқы тұрған қалыпты қабылдау және бөрененің үстімен тез адымдап жүру техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау.	Қазақ тілі «Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар. Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі

		үйрету; өрмелеу кезінде епті, жылдам болуға тәрбиелеу.	мен аңдар кимылдарын дербес орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілетін дамыту.		сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабыл кезінді көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қарандаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. - Аулаға қыс келді, Қыс келді. Қар шатырға түседі, Қар ағашқа түседі, Қар жерге таман, төмен, Бұлттан баяу түседі. Қарлар - жеңіл нүктелер, Көрінбейді бұлт пен жер. Түсіп жатыр, Түсіп жатыр,	Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, кимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынтылындыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның терісі сұр ма? - Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар. - Қоянның қандай дене бөлшектері бар? - Иә, ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарды жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға кимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл шығып жатқан қандай дыбыстар? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстардың шикылдаған дыбыстары. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек	Апандағы аюдың суретін қарау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың қысқы тіршілігі жөнінде жалпы ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда ұйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Аю апанына жатты, Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю). - Аю, аю, қайдасың? - Неге ақырмайсың? Д. Ахметова - Балалар, аю неге ақырмайды? - Иә, аю апанда ұйықтап жатыр. - Аю қалай ұйықтайтынын көрсетейікші. - Жарайсыңдар. - Аюдың ұйқысы қатты, біз ойынды ойнап көрейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.

	Аппақ көрпе жауып жатыр. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау) Екінші жұп қолғапты, (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз. Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! Жаттығу бірнеше рет	қимылдайды? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. - Қоян қайда мекендейді? - Иә, қоян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы бірге топтасып "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна!	эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды, "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап,, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсандар, Ән салып беріңдер. Д. Ахметова Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
--	---	---	---	--	--

	қайталанады.	Былай көрсет, Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Мысықтың ашулануы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ақ қоянды жасырайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрған тіке сызықты жасыл борша арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жанына қылқалам арқылы ақ қоян бейнесін салуға үйрету.	Саусақ жаттығуы. "Қоян". Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады). Ұзын құлақ (құлақтар - жұдырықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортан терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті бас бармақпен басып тұрады). Қоян тонып қалды	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қонжық неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қонжық неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде мағлұмат беру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман тұрғындарының іздері". Мақсат-міндеттер. Балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша тұстастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; оң жақ пен сол жақты ажырату	Құрастырудан ойын-жаттығу "Қоян мен Түлкі көрші". Мақсат-міндеттер. Балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылыс материалдары арқылы екі көлемде қақпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын аркамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыстың тұрақтылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру.

		(алақандарын бір-біріне үйкелейді). Мұрны тонып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Құйрығы тонып қалды (құйымшақты сипайды). Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді). Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Сол жақта жылы (алақандарын соғады). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі". Мақсат-міндеттер. Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табиғат өкілдеріне қызығушылық бастамаларын арттыру; көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту.	қабілетін дамыту, саны айрықша геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыруда жаттықтыру; есте сақтау, ақыл-ой мен қабылдау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Үйқыдағы аю". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы жануар аюдың тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; жабайы жануардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) кеңейту.	Музыкадан ойын-жаттығу "Қасқыр туралы". Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ. (сөйлеуді дамыту)	"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог кезекпен балаларға допты лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қандай да бір дауыс беретініне жауап беруі керек: Сиыр - мөңірейді, Жолбарыс - ақырады, Жылан - ысылдайды, Маса - ызындайды, Ит - үреді, Қасқыр - ұлиды, Мысық - мияулайды, Шошқа - қорсылдайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған	Сергіту сәтін айтқызу. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. (математика негіздері, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуы. Апам үшін күнде мен (әндете), Отынға ағаш жарамын (ағаш жарғандай). Су құямын гүлге де (гүлге су құйғандай), Дүкенге де барамын (қолдарына сөмке ұстап жүру), Сыпырамын үй үшін (сыпырғандай), Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жуғандай). Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстағандай), Жұбатамын ойнатып (қолдарын шапалақтайды). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. (сөйлеуді дамыту)

		ортамен танысу)			
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу.	Жаднама: "Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері".	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер.

22.01 - 26.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді тұру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек. (сөйлеуді дамыту)	"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Түстер бойынша карточкаларды таңдау. (танымдық дағды)	"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. (сөйлеуді дамыту)	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. (сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен). 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.				

	1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу. (математика негіздері)	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	"Жұбын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. (математика негіздері)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Суықторғай". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін	Дене шынықтыру "Біз құстарды аялаймыз!" Мақсат-міндеттер. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың	Музыка "Қысқы әнші құстар". Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және	Дене шынықтыру "Құстарға жем шашайық". Мақсат-міндеттер. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту;	Қазақ тілі "Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі." Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық

	қалыптастыру; тұрған заттын басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру.	арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету.	қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру.	арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.	бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. <i>"Құстар, құстар, келіңдер".</i> Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, тойсаңдар, Жемді шоқып, тойсаңдар, Өнді салып беріңдер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шикылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер:	Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту. <i>"Сары шымшық."</i> Сары шымшық шикылдайды: - Шиық-шиық, шиық-шиық. Жылы жаққа ұшпайды, Суықтан тығылмайды. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Далаға суық қыс жетті, Аппақ қарды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды	Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту. - Балалар, қараңдаршы, бұл жемшашар. - Жемшашарда не бар? - Иә, жемшашарға құстар қонды. - Құстар не істейді? - Дұрыс, құстар жемді шоқиды. Педагог көркем сөзді оқып береді. - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап. Жемшашарға жем шашайық, Құстарды аялайық. Дыбыстайды құстар "шиық-шиық", Жем берейік - "жиіп-жиіп". Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары:

	эмоцияларды дамыту. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшындар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай, Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалу мауларын қадағалау керек. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға,	эмоцияларды дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшындар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріндер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Өнді салып беріндер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттап білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	--	---	--	--	---

		достыққа тәрбиелеу.		балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Торғайлар жемшашарға қонды" суретімен танысу. Мақсат-міндеттер. Балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру. "Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қыстайтын және жыл құстары туралы	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Сауысқан мен көкек". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Сауысқан мен көкек" ертегісі мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың	Сурет салудан ойын-жаттығу "Үкі". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету. "Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Шұбар тауықты безендірейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды педагог алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ ою элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі жөнінде ұғымдарды	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сауысқанның сыйлықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша тұстастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; тұстастыру және беттестіру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, таным қабілеттерін жетілдіру. "Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.

	балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. (дене шынықтыру)	толықтыру. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қыстайтын құстарға қамқорлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. (қоршаған ортамен танысу)	Мақсат-міндеттер: зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға... - лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	Драматизация. "Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау. (көркем әдебиет)	"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Торғай" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. (сөйлеуді дамыту, көркем	"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер	"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті.

			әдебиет)	әуенді тындап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)	(сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Балалармен бірге ойнаңыз".	"Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша).	"Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.	Ата-аналарға кеңес. "Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?"	Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде).
---	--	--	---	--	---

29.01 -02.02.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
	"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс) Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. (математика негіздері)	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Қыс" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау. Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын	"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын

			артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Құралдары: қыс мезгіліне байланысты бейнеленген суреттер. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. (	салады). Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әртүрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету.
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. <i>Көркем сөз.</i> Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста!				

	Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Сәлем саған, Аспаным! Сәлем саған, алтын Күн! (Қолдарын көтеру) Сәлем саған, туған Жер! (Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу) Сәлем, бүкіл Жер шарым! (Қолдарын кілемге баяу түсіру) Сәлем, үлкен отбасым! Сәлем берді балашың! Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. (сөйлеуді дамыту)	Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!" Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Сәлем саған көк аспан! (Қолды жоғары көтеру) Сәлем саған күн нұры! (Екі қолды қосып, шеңбер жасау) Сәлем саған жер ана! (Қолды баяу түсіру) Сәлем саған, достарым! (Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді) (сөйлеуді дамыту)	Қуаныш шеңбері. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да, Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір - біріне қарап жымияды) Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қол ұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен! (сөйлеуді дамыту)	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Домаланған кірпі". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру.	Дене шынықтыру "Сырғанаймыз шанамен". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету.	Музыка "Тұлпарым". Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен	Дене шынықтыру "Допты қақпа арқылы домалатамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру.	Қазақ тілі «Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар. Мақсат-міндеттер. «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету.

			адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.		
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын	Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету. - Із қалады, қарды басса - Іздер жатыр жолақ ұқсап. - Балалар, қардың түсі қандай? - Қарды үстінен жүрсе, не қалады? - Иә, іздер қалады. - Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. (еңбекке дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш пен бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, - Ш-ш-ш - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. (еңбек дағдылары) "Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды	Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады. - Қоян құлақтарын қалай қимылдатады? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова

	қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдық тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шокиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Ұш, ұш! Ойын екі рет ойнатылады. "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	эмоцияларды дамыту. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. (еңбек дағдылары) "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
--	--	---	--	--	---

	Максат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Максат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. <i>Көркем сөз.</i> Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпюі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары". Максат-міндеттер. Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Марғаулар жіппен ойнайды". Максат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұтастыру және беттестіру тәсілдерін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Өсімдіктер". Максат-міндеттер. Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды	"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Максат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады:	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жүргіншілер жолы". Максат-міндеттер. Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету. "Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.

	тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. Драматизация. "Қызыл телпек" ертегісін ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. (көркем әдебиет) Ұлттық ойын "Қазан" Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.	қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Кішкентай марғау". Мақсат-міндеттер. Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. "Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. (музыка)	саусақтармен жақпалап, салуға үйрету. "Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу. (қоршаған ортамен танысу)	жануарлар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (қоршаған ортамен танысу)
--	--	--	--	--	---

Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау орындық – Дем алуға отырдық. Мынау үстел, (сол қолды жұдырыққа түю, үстіңе оң қолдың жұдырығын қою) Асты іше біл. Анау тұрған төсек, (Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу) Ұйықтар орын білсек. Міне диван – жұп-жұмсақ, Отырамыз шаршасак, (Қолдарды ішік жақтарымен бір-біріне қосу) Мынау шкаф – қарасак, (Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа ""ашылады"") Киім-кешек жинасак. (сөйлеуді дамыту)	Жұмбақтар шешу Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) Күндіз білінбейді, Түнде күлімдейді. (Жұлдыз) Тек өзі көрінбейді, Адамды тондырады Ызғары дірілдетіп, Есіңнен тандырады. (Аяз) Суда қалқиды, Жылыда балқиды. (Мұз) (көркем әдебиет)	Сюжетті-рөлдік ойын Мақсат-міндеттер. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру)	Санамақ Мақсат-міндеттер. Саусақтарға арналған жаттығу. Бас бармақ -әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан түйрек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз /бесеуіміз/ (қазақ тілі, көркем әдебиет)	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы қоршаған орта және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. <i>Көркем сөз.</i> Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қысқа тапқақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, уаждан, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды қалай қуантуға болады?"	Ата-аналарға кеңес. "Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану".	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.